

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы мәслихатының кейбір шешімдерін күші жойылды деп тану туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы мәслихатының 2020 жылғы 17 маусымдағы № 49/7 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 23 маусымда № 6380 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7-бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Күші жойылды деп танылсын:

1) Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы мәслихатының "Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы бойынша жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" 2016 жылғы 26 сәуірдегі № 3/5 шешімі (2016 жылғы 19 мамырда "Әділет" Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3745 болып тіркелген);

2) Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы мәслихатының "Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы мәслихатының 2016 жылғы 26 сәуірдегі № 3/5 "Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы бойынша жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2019 жылғы 10 қыркүйектегі № 40/6 шешімі (2019 жылғы 19 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5559 болып тіркелген).

2. Осы шешім оның бірінші ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Шал ақын ауданы мәслихаты
сессиясының төрағасы*

А.Жолдыбаев

*Солтүстік Қазақстан облысы
Шал ақын ауданы
мәслихатының хатшысы*

О.Амрин

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК